

Озенбаева А.Т.

Еуразиялық экономикалық одағы жағдайында Қазақстан Республикасының азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық мәселелері

Бұл мақалада еліміздің Еуразиялық экономикалық одағына кіруде кеден саясатын жүзеге асыруың сыртқы экономикалық қызметті мемлекет тарапынан реттеу және бақылау шараларын жасау және жүзеге асыруда тікелей атсалысу, ел мүддесі үшін кеден саясатын қалыптастыру, функционалды экономиканың дамуына ықпал ету, ұлттық және сыртқы экономикалық, ғылыми-техникалық, азық-түлік қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз ету мәселелері және оны құқықтық жетілдіру жолдары қарастырылған.

Түйін сөздер: азық-түлік қауіпсіздігі, Еуразиялық экономикалық одағы, Кеден одағы, агроөнеркәсіптік кешен.

Ozenbaeva A.T.

Legal issues of food security of the Republic of Kazakhstan in the conditions of the Eurasian Economic Union

This article reflects the customs policy in the sphere of state regulation of foreign trade activities of the Eurasian Economic Union and the adoption of measures for the management and implementation of direct participation in the formation of the customs policy for the benefit of the country. Reflecting the impact of a functional economy, domestic and foreign, economic, science and technology on the legal issues of food security and legitimate ways to improve legislation in this area.

Key words: Food safety, the Eurasian Economic Union, the Customs Union, Agriculture.

Озенбаева А.Т.

Правовые вопросы обеспечения продовольственной безопасности Республики Казахстан в условиях Евразийского экономического союза

В данной статье отражена таможенная политика в сфере государственного регулирования внешнеэкономической деятельности Евразийского экономического союза и принятия мер по урегулированию и осуществлению непосредственного участия в формировании таможенной политики на благо страны. Отражено влияние функциональной экономики – внутренней и внешней, экономической, научно-технической на правовые вопросы обеспечения продовольственной безопасности и законные способы улучшения законодательства в этой области.

Ключевые слова: продовольственная безопасность, Евразийский экономический союз, Таможенный союз, агропромышленный комплекс.

**ЕУРАЗИЯЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ОДАҒЫ ЖАҒДАЙЫНДА
ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
АЗЫҚ-ТҮЛІК
ҚАУІПСІЗДІГІН
ҚАМТАМАСЫЗ
ЕТУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Ең бастысы – еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз ету және экономиканы әртараптандыру. Кеден одағы жағдайында бәсекеге төтеп бере алатындай, нарықтық экономиканың талабына сай өнім өндіру және оны импорттау ауылшаруашылық өндірісінің алдындағы басты міндет болып отыр. Азық-түлік өнімдерін импорттау және экспорттау кезінде санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру керек. Елімізден импорттаған азық-түлік өнімдерінің сапасы шет елдерінде төтеп беру қажет [1, 85].

Азық-түлік қауіпсіздігі жайсыздығы, әсіресе бидай импорты мен ТМД елдерінің экспортына тәуелді неттоимпортер болып табылатын Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан мен Өзбекстан сияқты Орталық Азия елдері үшін аса ауыр тимек. Баға ауытқушылық мәселесін шешу үшін азық-түлік пен ауылшаруашылығы тауарларының еркін айналымын қамтамасыз ететін аталмыш аймақ елдері арасындағы саудасаттық келісімдері негізінде серіктестік құру мүмкіндіктерін қарастырған жөн [2, 185].

Б.Н. Габричидзе кеден саясатын жалпы түрде былай анықтайды: «Нарықтық қатынастарды қалыптастыру жағдайында саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүргізу мақсатындағы сыртқы және ішкі экономикалық мүдделерді қорғау бағытындағы саяси-құқықтық, экономикалық және де басқа кең көлемді іс-әрекеттер жүйесі» деп атап өткен [3, 75].

М.А. Сарсембаев мынадай мақсаттарын атайды:

- кеден ісінің тиісті ұйымдары республикадағы кеден саясатын жүзеге асыратын құрылымдармен қамтамасыз етуі тиіс;
- кеден мекемелерінің қалыпты әрі тиімді жұмыс істеуі үшін сәйкесінше жағдай жасау;
- кеден қызметін жүзеге асырғанда Қазақстан азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету;
- қазіргі халықаралық құқық субъектісі ретінде Қазақстан Республикасының экономикалық және сыртқы экономикалық мүдделерін қорғау [4].

Қазақстан Республикасының кеден одағы жағдайында, ауылшаруашылығын дамыту маңызды мемлекеттік басымдықтардың бірі болып табылады. Осыған орай кеден саясатының

мынандай міндеттерді алдыға қояды – экономиканың аграрлық секторын сапалы жаңа даму деңгейіне көтеру, сол арқылы азық-түлік өнімдерін бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету, бұл әсіресе Ресей мен Беларусь елдерімен бірігу жағдайында, ал кейіннен Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру болып табылады [5, 3].

Қазақстан Республикасының кеден одағы жағдайында азық-түлік өнімдерін санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау және мемлекет тарапынан құқықтық реттеу өзекті мәселелер болып отыр [6].

2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап үш ел – Ресей, Белорусия Қазақстан Кеден одағын құрып, бірыңғай кедендік тариф күшіне енді. 2011 жылдың 1 шілдесінен бастап бірыңғай кедендік кодекс енгізілетін болатын. Және Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартты ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының заңы қабылданды [7].

Бірақ 2014 жылы мамыр айында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың, Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путиннің, Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенконың қатысуымен шағын құрамдағы кездесу болды. Мемлекет басшылары Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістікті дамытудың негізгі бағыттарын, сондай-ақ еуразиялық интеграциялық үдерістерді кеңейту мәселелерін талқылады. Негізгі мақсаттары еуразиялық кеңесті құру болатын.

Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) – Қазақстан, Ресей, Беларусь мемлекет басшылары арасында 2014 жылдың 29 мамырында қол қойылған келісім негізінде құрылатын экономикалық одақ. Мүше елдердің парламенттері бекітсе, Одақ 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді.

Еуропалық одақ интеграциясына сүйенген идея Ресейдің сол кездегі премьер-министрі Владимир Путин тарапынан 2011 жылдың қазан айында көпшіліктің назарына ұсынылған, бірақ тұжырымдама ретінде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев тарапынан 1994 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінде тұңғыш таныстырылған болатын.

2011 жылдың 18 қарашасында Беларусь, Қазақстан, Ресей президенттері Еуразиялық экономикалық одақ 2015 жылға қарай құрылады деген келісімге қол қойған. Бұл келісім болашақ интеграцияның жол картасын қамти отырып, Еуразиялық экономикалық комиссияның және 2012 жылдың 1 қаңтарынан жұмыс істей

бастаған Еуразиялық экономикалық кеңістік негізін қалады [8].

Қазақстанның, Ресей мен Беларусьтің маңызды бәсекелестік артықшылығы – азық-түлік өндірісін күшейту. Әлемде азық-түлікке сұраныс өсіп отырған жағдайда Н.Ә. Назарбаев: «ТМД елдерінде айтарлықтай аграрлық әлеует, ұлан-байтақ аумақ, ауылшаруашылық мақсатындағы жүздеген миллион гектар жер бар. БЭК пен ТМД шеңберінде Еуразиялық азық-түліктің ортақ қазанын қалыптастыруға талпыну маңызды. Бұл жоба – тек қатысушы мемлекеттердің халқын БЭК-те өндірілетін тамақ өнімдерімен қамтамасыз ету тұрғысынан ғана емес, сонымен бірге азық-түлікті БЭК-тен тысқары жерлерге экспорттау үшін қолайлы жағдай жасау тұрғысынан да маңызды. Бізде ұлттық агроөнеркәсіп кешендерін, әсіресе, дәнді дақылдар саласын дамытуды үйлестірудің, азық-түліктің дүниежүзілік рыногында жалпы бәсеке мен экспорт саясатының негіздерін тұжырымдаудың, ұлттық инфрақұрылымдық желіні сыртқа астық шығару үшін үйлесімді пайдалануды жүзеге асырудың мүмкіндігі бар» деп есептейді. Ет өндірісінде де осындай мүмкіндіктер бар. ЕАЭО туралы шартты дайындау кезінде Қазақстан 2016 жылы ауылшаруашылығында мемлекеттік қолдауды есептеудің халықаралық қағидаттарға негізделген жаңа әдістемесін әзірлеу туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Бұл отандық ауылшаруашылығы тауарын өндірушілерге көрсетілетін қолдауды күшейтіп, оны Беларусь пен Ресейде көрсетіліп жатқан қолдау деңгейімен теңестіруге мүмкіндік береді. Осының барлығы, жалпы алғанда, еуразиялық интеграцияны қатысушы елдердің ауылшаруашылығын дамытудың маңызды ынталандырушысына айналдыруға мүмкіндік береді; ауылшаруашылығы өнімін тасымалдауға, сақтауға, өткізуге жұмсалатын шығындарды қысқартуға алып келіп, агроөнеркәсіптік салада жаңа нарықтық институттар (сақтандыру, банктік, лизингтік, биржалық және т.б.) құруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда Кеден одағына және Бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше мемлекеттердің Келісілген агроөнеркәсіптік саясат тұжырымдамасы мақұлданды [8].

Еуразиялық одақ мүшелері үшін макроэкономикалық әсерлері:

- қажетті шикізатты тасымалдауға кететін қаржының азаюы тауарлар құнының төмендеуіне алып келеді;

- бәсекелестіктің артуы тауарлар мен қызметтердің сапасын арттырады;

– үлкен халқы бар нарықтың құрылуы.

Осыдан кейін, «Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының заңы 2014 жылғы 14 қазандағы № 240-V ҚРЗ қабылданды [9].

Осы заңға сәйкес, одақтың негізгі мақсаттары:

– мүше мемлекеттер халқының өмір сүру деңгейін арттыру мүддесіне орай олардың экономикаларының тұрақты дамуы үшін жағдай жасау;

– Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың және еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыруға ұмтылу;

– жаһандық экономика жағдайында ұлттық экономикаларды жан-жақты жаңғырту, кооперациялау және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады.

Одақтың халықаралық қызметі:

1. Одақтың өз құзыреті шеңберінде Одақ алдында тұрған міндеттерді шешуге бағытталған халықаралық қызметті жүзеге асыруға құқығы бар. Одақтың осындай қызмет шеңберінде мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен және халықаралық интеграциялық бірлестіктермен халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыруға және олармен дербес өзі не мүше мемлекеттермен бірлесіп өзінің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша халықаралық шарттар жасасуға құқығы бар. Одақтың халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру тәртібі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімімен белгіленеді. Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттар жасасу мәселелері Одақ шеңберінде халықаралық шартпен айқындалады.

2. Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттарының жобалары бойынша келіссөздер жүргізу, сондай-ақ оларға қол қою мүше мемлекеттер тиісті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаннан кейін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімі негізінде жүзеге асырылады. Одақтың үшінші тараппен халықаралық шартының Одақтың өзі үшін міндетті екеніне келісім білдіруі, халықаралық шартты тоқтатуы, тоқтата тұруы немесе одан шығуы туралы шешімді Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес барлық мүше мемлекеттер қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаннан кейін қабылдайды.

Еуразиялық одақ азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, ауылшаруашылық өнімдерін өндіріп, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, осы мемлекеттер арасында еркін сауда-саттықты жүзеге асыру болып табылады [10, 3].

Осыған орай, «Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының заңының XXV бөлімі «Агроөнеркәсіптік кешен» мәселесіне арналған. Ал оның ішінде осы сала бойынша екі бап, яғни 94-бабы «Келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясаттың мақсаттары мен міндеттері айтылған болатын.

Осы бапқа сәйкес, келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясаттың негізгі мақсаты бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық өнімдері мен азық-түлік өндірісінің көлемін оңтайландыру, ортақ аграрлық нарық қажеттіліктерін қанағаттандыру, сондай-ақ ауылшаруашылығы өнімі мен азық-түлік экспортын ұлғайту үшін мүше мемлекеттердің ресурстық әлеуетін тиімді іске асыру болып табылады [9].

Ал келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясатты іске асыру мынадай міндеттердің шешілуін қамтамасыз етеді:

– ауылшаруашылығы өнімі мен азық-түлік өндірісін және нарығын теңгерімді түрде дамыту;

– мүше мемлекеттердің субъектілері арасында әділ бәсекелестікті, оның ішінде ортақ аграрлық нарыққа бірдей қол жеткізу жағдайларын қамтамасыз ету;

– ауылшаруашылығы өнімі мен азық-түліктің айналысына байланысты талаптарды біріздендіру;

– ішкі және сыртқы нарықтарда мүше мемлекеттер өндірушілерінің мүдделерін қорғау.

95-бабында «Келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясаттың негізгі бағыттары және ауылшаруашылығын мемлекеттік қолдау шаралары қарастырылған болатын. Осы саясат міндеттерін шешудің негізгі бағыттары мынандай болып табылады [9].

– агроөнеркәсіптік кешендегі болжау;

– ауылшаруашылығын мемлекеттік қолдау;

– ортақ аграрлық нарықты реттеу;

– өнім өндірісі мен айналысы саласындағы бірыңғай талаптар;

– ауылшаруашылығы өнімі мен азық-түліктің экспортын дамыту;

– агроөнеркәсіптік кешенді ғылыми және инновациялық дамыту;

– агроөнеркәсіптік кешенді интеграцияланған ақпараттық қамтамасыз ету бойынша мемлекетаралық өзара іс-қимыл тетіктерін пайдалануды көздейді.

95-баптың 4-тармағында интеграциялық өзара іс-қимылдың басқа да салаларында, оның ішінде ауылшаруашылығы өнімі мен азық-түлікке қатысты санитариялық, фитосанитария-

лық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) шараларды қамтамасыз ету саласында саясаты іске асыру келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясаттың мақсаттарын, міндеттері мен бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылады делінген.

Жоғарыдағы мәселені талдай келе, мынандай түйіндеме жасаймыз. Еуразиялық одақта азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ең басты мәселе болып тұр. Өйткені елдердің ұлттық қауіпсіздігінің бірі – ол азық-түлік қауіпсіздігі болып танылатындықтан, осы «Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратифика-

циялау туралы» Қазақстан Республикасының заңында кейбір кемшіліктер орын алуда. Ол жерде тек қана «Агроөнеркәсіптік кешен» деген бөлім қарастырылған. Қазіргі таңда бұл келісім шартты үш мемлекет мақұлдап отыр, ал болашақта бұл одаққа басқа да ТМД мемлекеттерінің кіруге ниет етіп жатқандары бар. Сол себепті азаматтардың денсаулығы ең басты назарда болуы керек. Сондықтан азық-түлік қауіпсіздігі мен тәуелсіздігін қамтамасыз ете отырып, осы заңға арнайы бөлімді «Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету» деп атап, нақты осы қатынасты реттейтін нормаларды енгізу керек.

Әдебиеттер

- 1 Әлібеков С.Т. ҚР-дың Кеден құқығы: оқулық. – Алматы: Нұр-пресс, 2007. – 267 б.
- 2 Өзенбаева А.Т., Қалымбек Б. ТМД елдеріндегі азық-түлік қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз етудің мәселелері // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы. – 2013. – №2. – Б. 185-190.
- 3 Габричидзе Б.Н. Российское таможенное право: учебник для вузов. – М.: ИНФРА, 2001. – 433 с.
- 4 Сарсембаев М.А. Таможенное право. – Алматы: Жеті Жарғы, 1997. – 340 с.
- 5 Бектұрғанов Ә.Е. Қазақстан Республикасының Кеден одағы жағдайында азық-түлік өнімдерін санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың құқықтық мәселелері. Интеграциялық процестер жағдайында табиғи ресурстық және аграрлық заңнаманы жетілдірудің өзекті мәселелері // Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Талдықорған: ЖМУ, – 2012. – Б. 3-10.
- 6 Алибеков С., Алимкулов Р. Таможенный Союз Евразийского Экономического Сообщества // Сборник документов. – Алматы: Заң әдебиеті, 2010. – Ч. 1. – 256 с.
- 7 Кеден одағының Кеден кодексі туралы шартты ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 25 маусымдағы № 293-IV Заңы // Әділет Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің деректер базасы. – 2015.
- 8 Еркінбаева Л.Қ., Қалымбек Б., Өзенбаева А.Т. Қазақстан Республикасының Аграрлық құқығы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 234 б.
- 9 Қазақстан Республикасының «Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы» 2014 жылғы 14 қазандағы № 240-V заңы ҚРЗ // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің деректер базасы. – 2015.
- 10 Тельнов В. ЕАЭО-ның экономикалық даму акценттері // <http://e-history.kz>.

References

- 1 Alibekov S.T. QR-nun Keden құқығы: оқулық. – Алматы: Нұр-пресс, 2007. – 267 б.
- 2 Өзенбаева А.Т., Қалымбек Б. ТМД elderindegi азық-түлік қауіпсіздігін құқықтық қамтамасыз етудің мәселелері // ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы. – 2013. – №2. – Б. 185-190.
- 3 Gabrichidze B. N. Rossijskoe tamozhennoe pravo: uchebnik dlja vuzov. – M.: INFRA, – 2001. – 433 s.
- 4 Sarsembaev M.A. Tamozhennoe pravo. – Алматы: Zheti Zhargy, 1997. – 340 s.
- 5 Bekturғанov Ә.Е. Қазақстан Respublikasynun Keden oday zhаrdajynda азық-түлік өнімдерін санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың құқықтық мәселелері. Integracijalyқ procester zhаrdajynda tabiғи resurstық zhөne аграрлық заңнаманы zhetildirudің өзекті мәселелері // Hалықаралық ғылыми-тәжірибелік konferencija materialdary. – Taldықorған: ZhMU, – 2012. – B. 3-10.
- 6 Alibekov S., Alimkulov R. Tamozhennoj Sojuz Evrazijskogo Jekonomicheskogo Soobshhestva // Sbornik dokumentov. – Алматы: Заң әдебиеті, 2010. – Ch. 1. – 256 s.
- 7 Keden odayynun Keden kodeksi turaly shartty ratifikacijalau turaly Қазақстан Respublikasynun 2010 zhылғы 25 mausymdaғы № 293-IV Заңы // Әділет Қазақстан Respublikasy normativтік құқықтық актілерінің деректер базасы. – 2015.
- 8 Erkinbaeva L.Q., Qalymbek B., Өzenbaeva A.T. Қазақстан Respublikasynun Agrарлық құқығы. – Алматы: Қазақ Universiteti, 2014. – 234 b.
- 9 Қазақстан Respublikasynun «Eurazijalyқ jekonomikalық oдақ turaly shartty ratifikacijalau turaly» 2014 zhылғы 14 kazandaғы № 240-V заңы ҚРЗ // «Әділет» Қазақстан Respublikasy normativтік құқықтық актілерінің деректер базасы. – 2015.
- 10 Tel'nov V. EAEO-nun jekonomikalық damu akcentteri // <http://e-history.kz>.